



"Бухгалтерлік есеп шоттарының үлгілік жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2007 жылғы 23 мамырдағы № 185 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2026 жылғы 6 тамыздағы № 533 бұйрығы

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрық 01.01.2027 бастап қолданысқа енгізіледі

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Бухгалтерлік есеп шоттарының үлгілік жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2007 жылғы 23 мамырдағы № 185 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4771 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

Көрсетілген бұйрықпен бекітілген Бухгалтерлік есеп шоттарының үлгілік жоспары осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бухгалтерлік есеп, аудит және бағалау әдіснамасы департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың көшірмелерін қазақ және орыс тілінде "Қазақстан Республикасы заңнама және құқықтық ақпарат институты" Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау үшін және Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін;

2) осы бұйрықты ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

*Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі*

М. Такиев

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2026 жылғы 6 тамыздағы
№ 533 бұйрығына қосымша
Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2007 жылғы 23 мамырдағы
№ 185 бұйрығымен
бекітілген

Бухгалтерлік есеп шоттарының үлгілік жоспары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Бухгалтерлік есеп шоттарының үлгілік жоспары (бұдан әрі - Үлгілік жоспар) "Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 20-бабы 5-тармағының 2) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 24 сәуірдегі № 387 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 643-3) тармақшасына сәйкес әзірленді.

2-тарау. Үлгілік жоспар

2. Үлгілік жоспар қаржылық есептілік элементтерін топтауға және құндық мәнде ағымдағы көрсетуге арналған.

3. Үлгілік жоспарда бухгалтерлік есептің синтетикалық шоттары осы Үлгілік жоспарға қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтімділігін азайту тәртібімен орналастырылған. Үлгілік жоспарда бухгалтерлік есеп шоттары нөмірлерінің төрт саны бар. Нөмірдің бірінші саны бөлімдерге тиістілігін, екіншісі - кіші бөлімдерге тиістілігін, үшіншісі - синтетикалық шоттардың топтарына тиістілігін көрсетеді, төртінші санды ұйым дербес анықтайды.

4. Операциялар мен оқиғалардың талдамалық есебін жүргізу тәртібін дара кәсіпкер немесе заңды тұлғаның лауазымды адамдары белгілейді, олар Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне және құрылтай құжаттарға сәйкес дара кәсіпкердің немесе ұйымның қажеттіліктерін негізге ала отырып ағымдағы басшылықты және істерді жүргізуді жүзеге асырады.

3-тарау. Үлгілік жоспардың бөлімдері

5. Үлгілік жоспар мынадай:

- 1 - бөлім – "Қысқа мерзімді активтер";
- 2 - бөлім – "Ұзақ мерзімді активтер";
- 3 - бөлім – "Қысқа мерзімді міндеттемелер";
- 4 - бөлім – "Ұзақ мерзімді міндеттемелер";
- 5 - бөлім – "Капитал мен резервтер";
- 6 - бөлім – "Кірістер";
- 7 - бөлім – "Шығыстар";
- 8 - бөлім – "Өндірістік есепке алу шоттары" бөлімдерін қамтиды.

4-тарау. 1 "Қысқа мерзімді активтер" бөлімінің шоттары

6. 1 "Қысқа мерзімді активтер" бөлімінің шоттары қысқа мерзімді ретінде жіктелетін ұйымның активтерін есепке алуға арналған.

7. 1 "Қысқа мерзімді активтер" бөлімі қысқа мерзімді ретінде жіктелетін ұйымның активтерін есепке алуға арналған.

1 "Қысқа мерзімді активтер" бөлімі мынадай кіші бөлімдерді қамтиды:

1000 – "Ақша қаражаты";

1100 – "Қысқа мерзімді қаржылық активтер";

1200 – "Қысқа мерзімді дебиторлық берешек";

1300 – "Қорлар";

1400 – "Ағымдағы салық активтері";

1500 – "Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер";

1600 – "Биологиялық активтер";

1700 – "Өзге қысқа мерзімді активтер".

8. 1000 – "Ақша қаражаты" кіші бөлімі ақша қаражатын есепке алуға арналған.

Осы кіші бөлім мынадай шоттардың топтарын қамтиды:

1010 – "Кассадағы ақша қаражаты", онда кассадағы ұлттық және шетел валюталарымен ақша қаражатының қозғалысы есепке алынады;

1020 – "Жолдағы ақша қаражаты", онда жолдағы ақша қаражатының қозғалысы есепке алынады;

1030 – "Ағымдағы банктік шоттардағы ақша қаражаты", онда ағымдағы банктік шоттардағы ұлттық және шетел валюталарындағы ақша қаражатының қозғалысы есепке алынады;

1040 – "Корреспонденттік шоттарындағы ақша қаражаты", онда корреспонденттік шоттардағы ұлттық және шетел валюталарындағы ақша қаражатының қозғалысы есепке алынады;

1050 – "Жинақ шоттарындағы ақша қаражаты", онда жинақ шоттарындағы ұлттық және шетел валюталарындағы ақша қаражатының қозғалысы есепке алынады;

1060 – "Пайдаланылуы шектеулі ақша қаражаты", онда кассадағы, ағымдағы, корреспонденттік және жинақ шоттарындағы пайдаланылуы шектеулі ақша қаражаты есепке алынады;

1070 – "Цифрлық теңге және электрондық ақша қаражаты", онда жүйеде цифрлық теңге және электрондық ақша қаражаты есепке алынады;

1080 – "Өзге ақша қаражаты", онда алдыңғы топтарда көрсетілмеген өзге ақша қаражаты есепке алынады;

1090 – "Ақша қаражатының құнсыздануынан болатын залалға арналған бағалау резерві", онда ақша қаражатының құнсыздануынан күтілетін кредиттік залалдарға бағалау резервтері есепке алынады.

9. 1100 – "Қысқа мерзімді қаржылық активтер" кіші бөлімі қысқа мерзімді қаржы инвестицияларын есепке алуға арналған.

Осы кіші бөлім мынадай шоттардың топтарын қамтиды:

1110 – "Қысқа мерзімді амортизациялық құнмен бағаланған қаржылық активтер", онда қысқа мерзімді амортизациялық құнмен бағаланған қаржылық активтер есепке алынады;

1120 – "Қысқа мерзімді басқа жиынтық табыс арқылы әділ құнмен бағаланған қаржылық активтер", онда қысқа мерзімді басқа жиынтық табыс арқылы әділ құнмен бағаланған қаржылық активтер;

1130 – "Қысқа мерзімді пайда немесе залал арқылы әділ құнмен бағаланған қаржылық активтер", онда қысқа мерзімді пайда немесе залал арқылы әділ құнмен бағаланған қаржылық активтер есепке алынады;

1140 – "Туынды қаржы құралдар", онда туынды қаржы құралдар, онын ішінде енгізілген, есепке алынады;

1150 – "Алуға арналған қысқа мерзімді сыйақылар", онда мыналар:
акциялар (қатысу үлестері) бойынша есептелген дивидендтер;

қаржылық жалдау бойынша есептелген сыйақылар, берілген қарыздар, сатып алынған қаржы, инвестициялары сенімді басқару және өзге есептелген сыйақылар жөніндегі дебиторлық берешектің қозғалысына байланысты операциялар көрсетіледі;

1160 – "Өзге қысқа мерзімді қаржылық активтер", онда алдыңғы топтарда көрсетілмеген өзге қысқа мерзімді қаржылық активтер есепке алынады;

1170 – "Қысқа мерзімді қаржылық активтердің құнсыздануынан болатын залалға арналған бағалау резерві", онда қысқа мерзімді қаржылық активтердің құнсыздануынан болатын күтілетін кредиттік залалдарға арналған бағалау резервтері есепке алынады.

10. 1200 – "Қысқа мерзімді дебиторлық берешек" кіші бөлімі қысқа мерзімді дебиторлық берешекті есепке алуға арналған.

Осы кіші бөлім мынадай шоттардың топтарын қамтиды:

1210 – "Сатып алушылар мен тапсырысшылардың қысқа мерзімді дебиторлық берешегі", онда бір жылға дейін мерзімі бар активтер және көрсетілген қызметтер үшін сатып алушылармен және тапсырысшылармен есеп айырысу бойынша операциялар және сатып алушылар мен тапсырысшылардың өзге қысқа мерзімді дебиторлық берешегі көрсетіледі;

1220 – "Еншілес ұйымдардың қысқа мерзімді дебиторлық берешегі", онда бір жылға дейін мерзімі бар іске асырылған активтер және көрсетілген қызметтер үшін еншілес ұйымдармен есеп айырысу бойынша операциялар мен еншілес ұйымдардың өзге қысқа мерзімді дебиторлық берешегі көрсетіледі;

1230 – "Қауымдастырылған және бірлескен ұйымдардың қысқа мерзімді дебиторлық берешегі", онда бір жылға дейін мерзімі бар іске асырылған активтер және көрсетілген қызметтер үшін қауымдастырылған және бірлескен ұйымдармен есеп айырысу бойынша операциялар және қауымдастырылған және бірлескен ұйымдардың өзге қысқа мерзімді дебиторлық берешегі көрсетіледі;

1240 – "Филиалдар мен құрылымдық бөлімшелердің қысқа мерзімді дебиторлық берешегі", онда филиалдардың шоттарына ақша қаражатының түсуі және есептен шығуы жөніндегі операциялар және филиалдар мен құрылымдық бөлімшелердің өзге қысқа мерзімді дебиторлық берешегі көрсетіледі;

1250 – "Қызметкерлердің қысқа мерзімді дебиторлық берешегі", онда қызметкерлердің:

активтерді сатып алуға есеппен берілген ақша қаражаты, қызметтерге ақы төлеу, қызметтік іссапарлар мен басқалар;

қызметкерлерге берілген қарыздар бойынша қызметкерлердің дебиторлық берешегінің қозғалысына байланысты операциялар, сондай-ақ ұйымға қызметкер келтірген материалдық шығынды (кемшін шығу, талан-таражға салу, бүліну және басқалар) өтеу жөніндегі есеп айырысу және қызметкерлердің өзге қысқа мерзімді дебиторлық берешегі көрсетіледі;

1260 – "Жалдау бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек", онда ағымдағы кезеңде операциялық және қаржылық жалдау бойынша ағымдағы жалдау төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі шығыстар есепке алынады;

1270 – "Өзге қысқа мерзімді дебиторлық берешек", онда алдыңғы топтарда көрсетілмеген, бір жылға дейін мерзімі бар өзге дебиторлық берешек бойынша операциялар көрсетіледі, мысалы, алынған вексельдер бойынша, сақтандыру ұйымдарына сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру бойынша берешек;

1280 – "Қысқа мерзімді дебиторлық берешектің құнсыздануынан болатын залалға арналған бағалау резерві", онда қысқа мерзімді дебиторлық берешектің құнсыздануынан болатын залалға арналған бағалау резервтері есепке алынады.

11. 1300 – "Қорлар" кіші бөлімі қарапайым қызмет барысында сатуға арналған, немесе сату үшін өндіріс процесінде, немесе өндірістік процесте немесе қызметтер ұсыну кезінде пайдалануға арналған шикізат немесе материалдар нысанындағы активтерді есепке алуға арналған.

Осы кіші бөлім мынадай шоттардың топтарын қамтиды:

1310 – "Шикізат және материалдар", онда өндірістік процесте одан әрі пайдалануға арналған шикізат және материалдар, оның ішінде ауыл шаруашылық шикізаттары мен материалдар есепке алынады;

1320 – "Дайын өнім", онда дайын, оның ішінде ауыл шаруашылығы өнімі есепке алынады;

1330 – "Тауарлар", онда тауарлардың, оның ішінде сатып алынған және қайта сатуға сақталған ауыл шаруашылығы тауарларының қозғалысына байланысты операциялар көрсетіледі;

1340 – "Аяқталмаған өндіріс", онда аяқталмаған өндіріс бойынша шығындар есепке алынады;

1350 – "Өзге қорлар", онда алдыңғы топтарда көрсетілмеген өзге қорлар есепке алынады;

1360 – "Қорлардың құнсыздануынан болатын залалдарға арналған бағалау резерві", онда қорлардың құнсыздануынан болатын залалдарға арналған бағалау резервтері есепке алынады;

1370 – "Қорларды қайтару құқығы бар актив", онда күтілетін қайтарулар бөлігінде қорлардың өзіндік құны есепке алынады.

12. 1400 – "Ағымдағы салық активтері" кіші бөлімі бюджетпен есеп айырысу кезінде салық және бюджетке төленетін басқа да төлемдердің артық төленген сомасын, сондай-ақ ұсынылған шот-фактуралар бойынша есепке алуға жататын қосылған құн салығының сомасын есепке алуға арналған.

Осы кіші бөлім мынадай шоттардың топтарын қамтиды:

1410 – "Корпоративтік табыс салығы", онда бюджетке артық төленген корпоративтік табыс салығын көрсетуге байланысты операциялар, сондай-ақ корпоративтік табыс салығын төлеу бойынша аванстық төлемдер көрсетіледі;

1420 – "Қосылған құн салығы", онда есепке алуға жататын, оның ішінде салық заңнамасына сәйкес өтеуге жататын қосылған құн салығы, сондай-ақ бюджетке артық төленген қосылған құн салығы бойынша операциялар көрсетіледі;

1430 – "Өзге салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер", онда Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өтеуге және (немесе) есепке алуға жататын өзге де салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер есепке алынады.

13. 1500 – "Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер" кіші бөлімі, егер олардың теңгерімдік құны жалғастыратын пайдалану жолымен емес, негізінен сату есебінен өтелетін болса, сатуға арналған ретінде жіктелетін ұзақ мерзімді активтерді есепке алуға арналған, бұл ретте сату ықтималдығы жоғары болып табылады.

Осы кіші бөлім мынадай шоттардың топтарын қамтиды:

1510 – "Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер", онда сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер есепке алынады, мысалы сатуға дайындалған жабдық;

1520 – "Сатуға арналған істен шығатын топтар", онда сатуға арналған істен шығатын топтар есепке алынады, мысалы сатуға дайындалған жұмыс істейтін зауыт;

1530 – "Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтердің (немесе істен шығатын топтардың) құнсыздануынан болатын залалдарға арналған бағалау резервтері", онда сатуға арналған ұзақ мерзімді активтердің (немесе істен шығатын топтардың) құнсыздануынан болатын залалдарға арналған бағалау резервтері есепке алынады.

14. 1600 – "Биологиялық активтер" кіші бөлімі ауыл шаруашылығы қызметімен байланысты биологиялық активтерді есепке алуға арналған.

Осы кіші бөлім мынадай шоттардың топтарын қамтиды:

1610 – "Өсімдіктер";

1620 – "Жануарлар";

1630 – "Биологиялық активтердің құнсыздануынан болатын залалға арналған бағалау резерві", онда биологиялық активтердің құнсыздануынан болатын залалға арналған бағалау резервтері есепке алынады.

15. 1700 – "Өзге қысқа мерзімді активтер" кіші бөлімі алдыңғы кіші бөлімдерде көрсетілмеген өзге қысқа мерзімді активтерді есепке алуға арналған.

Осы кіші бөлім мынадай шоттардың топтарын қамтиды:

1710 – "Берілген қысқа мерзімді аванстар", онда активтерді жеткізу негізінде берілген, сондай-ақ есепті кезең ішінде тапсырысшылардан ішінара дайындығы бойынша қабылданған өнімдерге, қызметтерге ақы төлеу жөніндегі аванстар және өзге берілген қысқа мерзімді аванстар есепке алынады;

1720 – "Алдағы кезеңдердің шығыстары", онда есепті жылдың ішінде қазіргі кезеңде жүргізілген, бірақ алдағы кезеңдерге қатысты шығыстар (сақтандыру ұйымдарына төленген сақтандыру сыйлықтары, жалдау ақысы және т.б.) есепке алынады;

1730 – "Шарттар бойынша қысқа мерзімді активтер", онда клиенттермен жасалған шарттар бойынша қысқа мерзімді активтер есепке алынады;

1740 – "Шарттар бойынша қысқа мерзімді активтердің құнсыздануынан болатын залалдарға арналған бағалау резервтері", онда сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша қысқа мерзімді активтердің құнсыздануынан болатын залалдарға арналған бағалау резервтері есепке алынады;

1750 – "Өзге қысқа мерзімді активтер", онда алдыңғы топтарда көрсетілмеген өзге қысқа мерзімді активтер бойынша операциялар есепке алынады.

5-тарау. 2 "Ұзақ мерзімді активтер" бөлімінің шоттары

16. 2 "Ұзақ мерзімді активтер" бөлімінің шоттары ұйымдардың ұзақ мерзімді ретінде жіктелетін активтерін есепке алуға арналған.

2 "Ұзақ мерзімді активтер" бөлімі мынадай кіші бөлімдерді қамтиды:

2000 – "Ұзақ мерзімді қаржылық активтер" бөлімі мынадай кіші бөлімдерді қамтиды:

2100 – "Ұзақ мерзімді дебиторлық берешек";

2200 – "Инвестициялар";

2300 – "Инвестициялық мүлік";

2400 – "Негізгі құралдар";

2500 – "Биологиялық активтер";

2600 – "Барлау және бағалау активтері";

2700 – "Материалдық емес активтер";

2800 – "Кейінге қалдырылған салықтық активтер";

2900 – "Өзге ұзақ мерзімді активтер".

17. 2000 – "Ұзақ мерзімді қаржылық активтер" кіші бөлімі ұзақ мерзімді қаржылық активтерді (үлестік қатысу әдісімен және бастапқы құны бойынша есептелетін инвестицияларды қоспағанда) және ұзақ мерзімді дебиторлық берешекті есепке алуға арналған.

Осы кіші бөлім мынадай шоттардың топтарын қамтиды:

2010 – "Ұзақ мерзімді амортизациялық құнмен бағаланған қаржылық активтер", онда ұзақ мерзімді амортизациялық құнмен бағаланған қаржылық активтер есепке алынады;

2020 – "Ұзақ мерзімді басқа жиынтық табыс арқылы әділ құнмен бағаланған қаржылық активтер", онда ұзақ мерзімді басқа жиынтық табыс арқылы әділ құнмен бағаланған қаржылық активтер есепке алынады;

2030 – "Ұзақ мерзімді пайда немесе залал арқылы әділ құнмен бағаланған қаржылық активтер", онда ұзақ мерзімді пайда немесе залал арқылы әділ құнмен бағаланған қаржылық активтер есепке алынады;

2040 – "Туынды қаржы құралдар", онда туынды қаржы құралдар, оның ішінде қондырылған, есепке алынады;

2050 – "Алуға арналған ұзақ мерзімді сыйақылар", онда қаржылық жалдау, берілген қарыздар, сатып алынған қаржылық инвестициялар, сенімгерлік басқару бойынша есептелген сыйақылар бойынша ұзақ мерзімді дебиторлық берешектің қозғалысымен байланысты операциялар және өзге де алуға арналған ұзақ мерзімді сыйақылар көрсетіледі;

2060 – "Үлескерлік құралдар", онда басқа жиынтық табыс арқылы әділ құнмен бағаланған үлескерлік құралдар және пайда немесе залал арқылы әділ құнмен бағаланған үлескерлік құралдар есепке алынады;

2070 – "Өзге ұзақ мерзімді қаржылық активтер", онда алдыңғы топтарда көрсетілмеген ұзақ мерзімді қаржылық активтер есепке алынады;

2080 – "Ұзақ мерзімді қаржылық активтердің құнсыздануынан болатын залалдарға арналған бағалау резервтері", онда ұзақ мерзімді қаржылық активтердің құнсыздануынан болатын күтіліп отырған кредиттік залалдарды бағалау резервтері есепке алынады.

18. 2100 – "Ұзақ мерзімді дебиторлық берешек" кіші бөлімі ұзақ мерзімді дебиторлық берешекті есепке алуға арналған.

Осы кіші бөлім мынадай шоттардың топтарын қамтиды:

2110 – "Сатып алушылар мен тапсырысшылардың ұзақ мерзімді берешегі", онда сатылған активтер мен бір жылдан асатын мерзімде көрсетілген қызметтер үшін сатып алушылармен және тапсырысшылармен есеп айырысу бойынша операциялар көрсетіледі;

2120 – "Еншілес ұйымдардың ұзақ мерзімді дебиторлық берешегі", онда сатылған активтер мен бір жылдан асатын мерзімде көрсетілген қызметтер үшін еншілес

ұйымдармен есеп айырысу бойынша операциялар және еншілес ұйымдардың өзге де ұзақ мерзімді дебиторлық берешектері көрсетіледі;

2130 – "Қауымдастырылған және бірлескен ұйымдардың ұзақ мерзімді дебиторлық берешегі", онда сатылған активтер мен бір жылдан асатын мерзімде көрсетілген қызметтер үшін қауымдастырылған және бірлескен ұйымдармен есеп айырысу бойынша операциялар және бірлескен ұйымдардың өзге де ұзақ мерзімді дебиторлық берешектері көрсетіледі;

2140 – "Филиалдар мен құрылымдық бөлімшелердің ұзақ мерзімді дебиторлық берешегі", онда филиалдар мен құрылымдық бөлімшелердің ұзақ мерзімді дебиторлық берешегі есепке алынады;

2150 – "Қызметкерлердің ұзақ мерзімді дебиторлық берешегі", онда қызметкерлерге берілген ұзақ мерзімді қарыздар бойынша қызметкерлердің дебиторлық берешегінің қозғалысымен байланысты операциялар, сондай-ақ қызметкердің ұйымға бір жылдан асатын мерзімде келтірген материалдық зиянды (кемшін шығу, ұрлау, бүлдіру және басқалар) өтеу жөніндегі есеп айырысу көрсетіледі;

2160 – "Жалдау бойынша ұзақ мерзімді дебиторлық берешек", онда қаржылық жалдау бойынша ұзақ мерзімді дебиторлық берешек және жалдау бойынша өзге де ұзақ мерзімді дебиторлық берешек есепке алынады;

2170 – "Өзге ұзақ мерзімді дебиторлық берешек", онда алдыңғы топтарда көрсетілмеген өзге ұзақ мерзімді дебиторлық берешек бойынша операциялар көрсетіледі, мысалы сақтандыру ұйымдарына сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру бойынша алынған вексельдер бойынша ұзақ мерзімді берешек;

2180 – "Ұзақ мерзімді дебиторлық берешектің құнсыздануынан болған залалға арналған бағалау резервтері", онда ұзақ мерзімді дебиторлық берешектің құнсыздануынан болатын залалдарға арналған бағалау резервтері есепке алынады.

19. 2200 – "Инвестициялар" кіші бөлімі үлестік қатысу әдісімен және бастапқы құнымен есепке алынатын инвестицияларды есепке алуға арналған.

2210 – "Үлестік қатысу әдісімен есепке алынатын инвестициялар", онда үлестік қатысу әдісімен есепке алынатын үлескерлік құралдарға берілетін инвестициялар бойынша операциялар көрсетіледі;

2220 – "Бастапқы құны бойынша есепке алынатын инвестициялар", онда бастапқы құны бойынша есепке алынатын үлестік құралдардағы инвестициялар жөніндегі операциялар көрсетіледі;

2230 – "Инвестициялардың құнсыздануынан болатын залалға арналған бағалау резервтері", онда инвестициялардың құнсыздануынан болатын залалға арналған бағалау резервтері есепке алынады.

20. 2300 – "Инвестициялық мүлік" кіші бөлімі инвестициялық жылжымайтын мүлікті есепке алуға арналған.

Осы кіші бөлім мынадай шоттардың топтарын қамтиды:

2310 – "Инвестициялық мүлік", онда инвестициялық мүлік есепке алынады;

2320 – "Инвестициялық жылжымайтын мүліктің амортизациясы", онда инвестициялық жылжымайтын мүлік амортизациясының сомасы шоғырландырылады;

2330 – "Инвестициялық жылжымайтын мүліктің құнсыздануынан болатын залалға арналған бағалау резерві", онда инвестициялық мүліктің құнсыздануынан болатын залалға арналған бағалау резервінің сомасы шоғырландырылады.

21. 2400 – "Негізгі құралдар" кіші бөлімі негізгі құралдарды есепке алуға арналған.

Осы кіші бөлім мынадай шоттардың топтарын қамтиды:

2410 – "Негізгі құралдар", онда негізгі құралдар есепке алынады;

2420 – "Негізгі құралдардың амортизациясы", онда негізгі құралдар амортизациясының сомасы шоғырландырылады;

2430 – "Негізгі құралдардың құнсыздануынан болатын залалға арналған бағалау резервтері", онда негізгі құралдардың құнсыздануынан болатын залалдарға арналған бағалау резервтері есепке алынады;

2440 – "Активтерді пайдалану құқығы", онда негізгі құралды тану өлшемшарттарын қанағаттандыратын жалдау активтерін пайдалану құқығының құны көрсетіледі.

2450 – "Активтерді пайдалану құқығының амортизациясы", онда активтерді пайдалану құқығы амортизациясының құны шоғырландырылған;

2460 – "Активтерді пайдалану құқығының құнсыздануынан болатын залалға арналған бағалау резервтері", онда активтерді пайдалану құқығының құнсыздануынан болатын залалға арналған бағалау резервтері есепке алынады.

22. 2500 – "Биологиялық активтер" кіші бөлімі ауыл шаруашылығы қызметімен байланысты биологиялық активтерді есепке алуға арналған.

Осы кіші бөлім мынадай шоттардың топтарын қамтиды:

2510 – "Өсімдіктер";

2520 – "Жануарлар";

2530 – "Биологиялық активтердің амортизациясы", онда егер олардың әділ құнды бағалауға жатпаған жағдайда биологиялық активтердің амортизациясының сомасы шоғырландырылады;

2540 – "Биологиялық активтердің құнсыздануынан болатын залалға арналған бағалау резерві", онда биологиялық активтердің құнсыздануынан болатын залалға арналған бағалау резервтері есепке алынады.

23. 2600 – "Барлау және бағалау активтері" кіші бөлімі минералдық ресурстарды барлау мен бағалауға дейінгі қызмет барысында, сондай-ақ минералдық ресурстарды өндірудің техникалық жағынан жүзеге асушылығы және коммерциялық орындылығы айқын болғаннан кейін шеккен шығыстарды қоспағанда минералдық ресурстарды барлау мен бағалауға арналған шығыстарды есепке алуға арналған.

Осы кіші бөлім мынадай шоттардың топтарын қамтиды:

2610 – "Барлау және бағалау активтері", онда шығыстарды барлау және бағалау активтері ретінде танумен байланысты операциялар көрсетіледі.

2620 – "Барлау және бағалау активтерінің амортизациясы", онда барлау және бағалау активтері амортизациясының сомасы шоғырландырылады;

2630 – "Барлау және бағалау активтерінің құнсыздануынан болатын шығындарға арналған бағалау резерві", онда барлау және бағалау активтерінің құнсыздануынан болатын залалға арналған бағалау резервінің сомасы шоғырландырылады.

24. 2700 – "Материалдық емес активтер" кіші бөлімі материалдық емес активтерді есепке алуға арналған.

Осы кіші бөлім мынадай шоттардың топтарын қамтиды:

2710 – "Гудвилл", онда инвестициялық бабының бөлігі ретінде гудвиллдің болуына және қозғалысына байланысты операциялар көрсетіледі;

2720 – "Гудвиллдің құнсыздануы", онда құнсызданудан болуы мүмкін залалдар тұрғысынан тұрақты жүргізілетін тестілеу қорытындылары бойынша гудвиллдің құнсыздануын көрсету жөніндегі операциялар ескеріледі;

2730 – "Өзге материалдық емес активтер", онда сипаты және ұйымның қызметінде қолданылу жағынан ұқсас активтер тобы есепке алынады, мысалы:

тауарлық белгілер;

титулдық және баспа құқықтары;

компьютерлік бағдарламалық қамсыздандыру;

лицензиялар мен франшизалар;

өнеркәсіптік меншікке арналған авторлық құқықтар, патенттер және басқа құқықтар , көрсетілетін қызметтерге және пайдалануға арналған құқықтар;

рецептілер, формулалар, модельдер, сызбалар және тәжірибелік үлгілер;

өзірлеу процесіндегі материалдық емес активтер;

2740 – "Өзге материалдық емес активтердің амортизациясы", онда материалдық емес активтер амортизациясының сомасы шоғырландырылады, бұл ретте пайдалы қолданудың анықталмаған мерзімі бар материалдық емес активтерге амортизация есептелмейді, ал жыл сайын құнсыздануға тест жүргізіледі;

2750 – "Өзге материалдық емес активтердің құнсыздануынан болатын залалға арналған бағалау резерві", онда өзге материалдық емес активтердің құнсыздануынан болатын шығындарға арналған бағалау резервінің сомасы шоғырландырылады;

2760 – "Активтерді пайдалану құқығы", онда негізгі құралды тану өлшемшарттарын қанағаттандыратын жалдау активтерін пайдалану құқығының құны көрсетіледі.

2770 – "Активтерді пайдалану құқығының амортизациясы", онда активтерді пайдалану құқығы амортизациясының құны шоғырландырылған;

2780 – "Активтерді пайдалану құқығының құнсыздануынан болатын залалға арналған бағалау резерві", онда активтерді пайдалану құқығының құнсыздануынан болатын залалға арналған бағалау резервтері есепке алынады.

25. 2800 – "Кейінге қалдырылған салықтық активтер" кіші бөлімі қалдырылған корпорациялық табыс салығын есепке алуға арналған және мынадай шотты қамтиды:

2810 – "Корпоративтік табыс салығы бойынша кейінге қалдырылған салықтық активтер", онда мыналарға:

шегерілетін мезгілдік айырмаға,

алдағы кезеңге пайдаланылмаған салық залалдарын көшіруге;

алдағы кезеңге пайдаланылмаған салық кредиттерін көшіруге байланысты алдағы кезеңдерде өтеуге жататын пайдаға арналған салық сомасы есепке алынады.

26. 2900 – "Өзге ұзақ мерзімді активтер" кіші бөлімі алдыңғы кіші бөлімдерде көрсетілмеген өзге ұзақ мерзімді активтерді есепке алуға арналған.

Осы кіші бөлім мынадай шоттардың топтарын қамтиды:

2910 – "Берілген ұзақ мерзімді аванстар", мұнда активтерді беруге берілген, сондай-ақ тапсырысшылардан ішінара дайын өнімге, көрсетілетін қызметтерге мерзімі бір жылдан асатын аванстар және өзге берілген ұзақ мерзімді аванстар есепке алынады;

2920 – "Алдағы кезеңдердің шығыстары", мұнда қазіргі есепті кезеңде жүргізілген, бірақ алдағы есепті кезеңдерге жататын шығыстар есепке алынады;

2930 – "Аяқталмаған құрылыс", мұнда аяқталмаған құрылыс бойынша шығындар есепке алынады, мысалы:

негізгі құралдарды салуға байланысты;

келешекте жылжымайтын мүлікке инвестиция ретінде пайдалану болжанатын объектінің құрылысымен байланысты шығындар;

2940 – "Шарттар бойынша ұзақ мерзімді активтер", мұнда сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша активтер есепке алынады;

2950 – "Шарттар бойынша ұзақ мерзімді активтердің құнсыздануынан болатын шығындарға арналған бағалау резерві", мұнда сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша ұзақ мерзімді активтердің құнсыздануынан болатын шығындарға арналған бағалау резервтері есепке алынады;

2960 – "Шарттар бойынша шығындар", мұнда сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша шығындар есепке алынады;

2970 – "Шарттар бойынша шығындар амортизациясы", мұнда шарттар бойынша шығындар амортизациясының сомасы есепке алынады;

2980 – "Шарттар бойынша шығындардың құнсыздануынан болатын шығындарға арналған бағалау резерві", мұнда шарттар бойынша шығындардың құнсыздануынан болатын шығындарға арналған бағалау резервтері есепке алынады;

2990 – "Өзге ұзақ мерзімді активтер", мұнда алдыңғы топтарда көрсетілмеген ұзақ мерзімді активтердің өзге топтары есепке алынады.

6-тарау. 3 "Қысқа мерзімді міндеттемелер" бөлімінің шоттары

27. 3 "Қысқа мерзімді міндеттемелер" бөлімінің шоттары қысқа мерзімді ретінде жіктелетін ұйым міндеттемелерін есепке алуға арналған.

3 "Қысқа мерзімді міндеттемелер" бөлімі мынадай кіші бөлімдерді қамтиды:

3000 – "Қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер";

3100 – "Салықтар бойынша міндеттемелер";

3200 – "Басқа да міндетті және еркін төлемдер бойынша міндеттемелер";

3300 – "Қысқа мерзімді кредиторлық берешек";

3400 – "Қысқа мерзімді бағалау міндеттемелері";

3500 – "Өзге қысқа мерзімді міндеттемелер".

28. 3000 – "Қысқа мерзімді қаржы міндеттемелері" кіші бөлімі қысқа мерзімді кредиторлық берешекті алып тастағанда, бір жылға дейінгі мерзіммен қысқа мерзімді қаржы міндеттемелерін есепке алуға арналған.

Осы кіші бөлім мынадай шоттардың топтарын қамтиды:

3010 – "Амортизациялық құнмен бағаланатын қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер", мұнда амортизациялық құнмен бағаланатын қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер есепке алынады;

3020 – "Пайда немесе залал арқылы әділ құнмен бағаланатын қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер", мұнда пайда немесе залал арқылы әділ құнмен бағаланатын қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер есепке алынады;

3030 – "Туынды қаржы құралдары", мұнда туынды қаржы құралдары, оның ішінде кіріктірілген құралдар есепке алынады;

3040 – "Қатысушылардың дивидендтері және кірістері бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек", мұнда жарғылық капиталда үлесі бар қатысушы заңды тұлғаларға акциялар бойынша дивидендтерді және кірістерді есептеу және төлеу бойынша операциялар көрсетіледі;

3050 – "Төлемге қысқа мерзімді сыйақылар", мұнда алынған қарыздар, берілген вексельдер, эмиссияланған бағалы қағаздар және сенімгерлік басқару шарттары бойынша төлеуге есептелген сыйақылардың болуымен және қозғалысымен байланысты операциялар және өзге төлемге қысқа мерзімді сыйақылар көрсетіледі;

3060 – "Амортизациялық құнмен бағаланатын ұзақ мерзімді қаржы міндеттемелерінің ағымдағы бөлігі", мұнда амортизациялық құнмен бағаланатын ұзақ мерзімді қаржы міндеттемелерінің ағымдағы бөлігі есепке алынады;

3070 – "Пайда немесе залал арқылы әділ құнмен бағаланатын ұзақ мерзімді қаржы міндеттемелерінің ағымдағы бөлігі", мұнда пайда немесе залал арқылы әділ құнмен бағаланатын ұзақ мерзімді қаржы міндеттемелерінің ағымдағы бөлігі есепке алынады;

3080 – "Өзге қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер", мұнда алдыңғы топтарда көрсетілмеген өзге қысқа мерзімді қаржы міндеттемелері есепке алынады.

29. 3100 – "Салық бойынша міндеттемелер" кіші бөлімі ұйымның салық төлеу бойынша міндеттемелерін есепке алуға арналған.

Осы кіші бөлім мынадай шоттардың топтарын қамтиды:

3110 – "Төленуі тиіс корпоративтік табыс салығы", мұнда төленуі тиіс корпоративтік табыс салығы есепке алынады;

3120 – "Жеке табыс салығы", мұнда жеке табыс салығын есептеумен және төлеумен байланысты операциялар көрсетіледі;

3130 – "Қосылған құн салығы", мұнда қосылған құн салығын есептеумен және төлеумен байланысты операциялар есепке алынады;

3140 – "Акциздер", мұнда акциздерді есептеумен және төлеумен байланысты операциялар көрсетіледі;

3150 – "Әлеуметтік салық", мұнда әлеуметтік салықты есептеумен және төлеумен байланысты операциялар көрсетіледі;

3160 – "Жер салығы", мұнда жер салығын есептеумен және төлеумен байланысты операциялар көрсетіледі;

3170 – "Көлік құралдары салығы", мұнда көлік құралдары салығын есептеумен және төлеумен байланысты операциялар көрсетіледі;

3180 – "Мүлік салығы", мұнда мүлік салығын есептеумен және төлеумен байланысты операциялар көрсетіледі;

3190 – "Өзге салықтар", мұнда алдыңғы топтарда көрсетілмеген өзге салықтарды есептеумен және төлеумен байланысты операциялар көрсетіледі.

30. 3200 – "Басқа міндетті және ерікті төлемдер бойынша міндеттемелер" кіші бөлімі салықтарды қоспағанда, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төленуі тиіс міндетті және ерікті төлемдерді есепке алуға арналған.

Осы кіші бөлім мынадай шоттардың топтарын қамтиды:

3210 – "Әлеуметтік сақтандыру бойынша міндеттемелер", мұнда әлеуметтік сақтандыру бойынша аударымдарды есептеумен және төлеумен байланысты операциялар көрсетіледі;

3220 – "Зейнетақы аударымдары бойынша міндеттемелер", мұнда зейнетақы аударымдарын есептеумен және төлеумен байланысты операциялар көрсетіледі;

3230 – "Басқа міндетті төлемдер бойынша өзге міндеттемелер", мұнда басқа міндетті төлемдер, мысалы алымдар, мемлекеттік баждар, төлемақылар бойынша аударымдарды есептеумен және төлеумен байланысты операциялар көрсетіледі;

3240 – "Басқа ерікті төлемдер бойынша өзге міндеттемелер", мұнда басқа ерікті төлемдер бойынша аударымдарды есептеумен және төлеумен байланысты операциялар көрсетіледі;

3250 "Жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары бойынша міндеттемелер", онда жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын есептеуге және төлеуге байланысты операциялар көрсетіледі.

31. 3300 – "Қысқа мерзімді кредиторлық берешек" кіші бөлімі бір жылға дейінгі мерзіммен кредиторлық берешекті есепке алуға арналған.

Осы кіші бөлім мынадай шоттардың топтарын қамтиды:

3310 – "Өнім берушілер мен мердігерлерге қысқа мерзімді кредиторлық берешек", мұнда бір жылдан кем төлеу мерзімімен қорларды жеткізу немесе қайта өңдеу бойынша шығыстарды қоса алғанда, сатып алынған активтер мен алынған қызметтер үшін өнім берушілермен және мердігерлермен есеп айырысулар жөнінде операциялар және өнім берушілер мен мердігерлерге өзге қысқа мерзімді берешек көрсетіледі;

3320 – "Еншілес ұйымдарға қысқа мерзімді кредиторлық берешек", мұнда бір жылға дейінгі мерзіммен сатып алынған активтерге және алынған қызметтер үшін еншілес ұйымдармен есеп айырысу жөніндегі операциялар және еншілес ұйымдарға өзге қысқа мерзімді кредиторлық берешек көрсетіледі;

3330 – "Қауымдастырылған және бірлескен ұйымдарға қысқа мерзімді кредиторлық берешек", мұнда бір жылға дейінгі мерзіммен сатып алынған активтер және алынған қызметтер үшін қауымдастырылған және бірлескен ұйымдармен есеп айырысу жөніндегі операциялар және қауымдастырылған және бірлескен ұйымдарға өзге қысқа мерзімді берешек көрсетіледі;

3340 – "Филиалдарға және құрылымдық бөлімшелерге қысқа мерзімді кредиторлық берешек", мұнда филиалдар және құрылымдық бөлімшелер шоттарына ақша қаражатының түсуі және оны есептен шығару жөніндегі операциялар және филиалдарға және құрылымдық бөлімшелерге өзге қысқа мерзімді кредиторлық берешек көрініс табады;

3350 – "Еңбекақы төлеу бойынша қысқа мерзімді берешек", мұнда қызметкерлер тиісті қызметтерді көрсеткен кезең аяқталғаннан кейін он екі ай ішінде толық көлемде төленуі тиіс қызметкерлерге сыйақылар (демалыс жәрдемақыларынан және үлескерлік құралдармен өтемақы төлемдерінен басқа) және еңбекақы төлеу бойынша өзге қысқа мерзімді берешектер есепке алынады;

3360 – "Жалдау бойынша қысқа мерзімді берешек", мұнда қысқа мерзімді жалдау бойынша жалдау міндеттемелерін төлеумен байланысты операциялар және жалдау бойынша өзге қысқа мерзімді берешек көрсетіледі;

3370 – "Ұзақ мерзімді кредиторлық берешектің ағымдағы бөлігі", мұнда ұзақ мерзімді кредиторлық берешектің ағымдағы бөлігін төлеумен байланысты операциялар көрсетіледі;

3380 – "Өзге қысқа мерзімді кредиторлық берешек", мұнда алдыңғы топтарда көрсетілмеген өзге қысқа мерзімді кредиторлық берешек есепке алынады.

32. 3400 – "Қысқа мерзімді бағалау міндеттемелері" кіші бөлімі белгісіз уақытпен және сомамен міндеттемелер ретінде айқындалған қысқа мерзімді бағалау міндеттемелерін есепке алуға арналған.

Осы кіші бөлім мынадай шоттардың топтарын қамтиды:

3410 – "Қысқа мерзімді кепілдік міндеттемелер", мұнда бір жылға дейінгі кепілдік мерзімімен өткізілген өнімдер мен көрсетілген қызметтер бойынша кепілдік

міндеттемелер бойынша резервті құрумен және қозғалысымен байланысты операциялар және өзге қысқа мерзімді кепілдік міндеттемелері көрсетіледі;

3420 – "Заңды наразылықтар бойынша қысқа мерзімді міндеттемелер", мұнда қарау мерзімі бір жылға дейін өтетін сот қуынымдары бойынша резервті құрумен және қозғалысымен байланысты операциялар және заңды наразылықтар бойынша өзге қысқа мерзімді міндеттемелер көрсетіледі;

3430 – "Қызметкерлерге сыйақылар бойынша қысқа мерзімді бағалау міндеттемелері", мұнда қызметкерлерге ақы төленетін жұмыста болмауы нысанында қысқа мерзімді сыйақылар төлеуге күтілетін шығындар, сондай-ақ пайдаға қатысуға және сыйлықақы төлеуге күтілетін шығындар және қызметкерлерге сыйақылар бойынша өзге қысқа мерзімді бағалау міндеттемелері көрсетіледі;

3440 – "Өзге қысқа мерзімді бағалау міндеттемелері", мұнда шоттардың алдыңғы топтарында көрсетілмеген өзге қысқа мерзімді бағалау міндеттемелері есепке алынады.

33. 3500 – "Өзге қысқа мерзімді міндеттемелер" алдыңғы кіші бөлімдерде көрсетілмеген өзге қысқа мерзімді міндеттемелерді есепке алуға арналған.

Осы кіші бөлім мынадай шоттардың топтарын қамтиды:

3510 – "Алынған қысқа мерзімді аванстар", мұнда тауарларды, шикізатты, материалдарды жеткізуге, қызметтер көрсетуге, сондай-ақ тапсырысшылар үшін ішінара дайындалып өндірілген өнімге ақы төлеу бойынша алынған аванстар және өзге алынған қысқа мерзімді аванстар есепке алынады;

3520 – "Алдағы кезеңдердің кірістері", мұнда ағымдағы айда алынған, бірақ есепті кезеңнің болашақ айларына жатқызылатын кірістер көрсетіледі;

3530 – "Сатуға арналған шығаруға топ міндеттемелері", мұнда сатуға арналған шығаруға топ міндеттемелері көрсетіледі;

3540 – "Шарттар бойынша қысқа мерзімді міндеттемелер", мұнда сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша қысқа мерзімді міндеттемелер есепке алынады;

3550 – "Аралас қысқа мерзімді қаржы құралының борыштық құрауышы", мұнда біріктірілген қысқа мерзімді қаржы құралының борыштық құрауышы есепке алынады;

3560 – "Өзге қысқа мерзімді міндеттемелер", мұнда алдыңғы топтарда көрсетілмеген өзге қысқа мерзімді міндеттемелер есепке алынады.

7-тарау. 4 "Ұзақ мерзімді міндеттемелер" бөлімінің шоттары

34. 4 "Ұзақ мерзімді міндеттемелер" бөлімінің шоттары ұзақ мерзімді ретінде жіктелетін ұйымдардың міндеттемелерін есепке алуға арналған.

4 "Ұзақ мерзімді міндеттемелер" бөлімі мынадай кіші бөлімдерді қамтиды:

4000 – "Ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелер";

4100 – "Ұзақ мерзімді кредиторлық берешек";

4200 – "Ұзақ мерзімді бағалау міндеттемелері";

4300 – "Кейінге қалдырылған салықтық міндеттемелер";

4400 – "Өзге ұзақ мерзімді міндеттемелер".

35. 4000 – "Ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелер" кіші бөлімі ұзақ мерзімді кредиторлық берешекті қоспағанда, ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелерді есепке алуға арналған.

Осы кіші бөлім мынадай шоттардың топтарын қамтиды:

4010 – "Амортизациялық құнмен бағаланатын ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелер", мұнда амортизациялық құнмен бағаланатын ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелер есепке алынады;

4020 – "Пайда немесе залал арқылы әділ құнмен бағаланатын ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелер", мұнда ұзақ мерзімді пайда немесе залал арқылы әділ құнмен бағаланатын қаржылық міндеттемелер есепке алынады;

4030 – "Туынды қаржы құралдары", мұнда туынды қаржы құралдары, оның ішінде кіріктірілген қаржы құралдары есепке алынады;

4040 – "Қатысушылардың дивидендтері және кірістері бойынша ұзақ мерзімді берешек", мұнда жарғылық капиталда үлесі бар заңды тұлға қатысушыларына акциялар бойынша дивидендтерді және кірістерді есептеу және төлеу бойынша операциялар көрсетіледі;

4050 – "Төлемге ұзақ мерзімді сыйақылар", мұнда қаржылық жалға алу, алынған қарыздар, берілген вексельдер, эмиссияланған бағалы қағаздар мен сенімгерлік басқару шарттары бойынша төлеуге есептелген сыйақылардың болуымен және қозғалысымен байланысты операциялар және өзге де төлемге ұзақ мерзімді сыйақылар көрсетіледі;

4060 – "Өзге ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелер", мұнда алдыңғы топтарда көрсетілмеген өзге қаржылық міндеттемелер есепке алынады.

36. 4100 – "Ұзақ мерзімді кредиторлық берешек" кіші бөлімі бір жылдан асатын мерзіммен кредиторлық берешектерді есепке алуға арналған.

Осы кіші бөлім мынадай шоттардың топтарын қамтиды:

4110 – "Өнім берушілер мен мердігерлерге ұзақ мерзімді кредиторлық берешек", мұнда бір жылдан асатын төлеу мерзімімен қорларды жеткізу немесе қайта өңдеу бойынша шығыстарды қоса алғанда, сатып алынған активтер мен пайдаланылған қызметтер үшін өнім берушілермен және мердігерлермен есеп айырысу бойынша операциялар және өнім берушілер мен мердігерлерге өзге ұзақ мерзімді берешек көрсетіледі;

4120 – "Еншілес ұйымдарға ұзақ мерзімді кредиторлық берешек", мұнда бір жылдан асатын мерзіммен сатып алынған активтер және пайдаланылған қызметтер үшін еншілес ұйымдармен есеп айырысу бойынша операциялар және еншілес ұйымдарға өзге ұзақ мерзімді кредиторлық берешек көрсетіледі;

4130 – "Қауымдастырылған және бірлескен ұйымдарға ұзақ мерзімді кредиторлық берешек", мұнда бір жылдан асатын мерзіммен сатып алынған активтер мен

пайдаланылған қызметтер үшін қауымдастырылған және бірлескен ұйымдармен есеп айырысу жөніндегі операциялар және қауымдастырылған және бірлескен ұйымдарға өзге ұзақ мерзімді кредиторлық берешек көрсетіледі;

4140 – "Филиалдар мен құрылымдық бөлімшелерге ұзақ мерзімді кредиторлық берешек", мұнда филиалдар мен құрылымдық бөлімшелерге берілетін ұзақ мерзімді кредиторлық берешек есепке алынады;

4150 – "Жалға алу бойынша ұзақ мерзімді берешек", мұнда бір жылдан асатын мерзіммен қаржылық және операциялық алу бойынша жалға алу міндеттемелерін төлеумен байланысты операциялар көрсетіледі;

4160 – "Өзге де ұзақ мерзімді кредиторлық берешек", мұнда алдыңғы топтарда көрсетілмеген өзге де ұзақ мерзімді кредиторлық берешек есепке алынады.

37. 4200 – "Ұзақ мерзімді бағалау міндеттемелері" кіші бөлімі ұзақ мерзімді бағалау міндеттемелерін анықталмаған уақытпен және сомамен міндеттемелер ретінде есепке алуға арналған.

Осы кіші бөлім мынадай шоттардың топтарын қамтиды:

4210 – "Ұзақ мерзімді кепілдік міндеттемелері", мұнда бір жылдан астам кепілдік мерзімімен өткізілген өнім бойынша кепілдік міндеттемелері бойынша резерв құрумен және қозғалысымен байланысты операциялар көрсетіледі;

4220 – "Заңды наразылықтар бойынша ұзақ мерзімді бағалау міндеттемелері", мұнда қарау мерзімі бір жылдан асатын сот қуынымдары және өзге де заңды наразылықтар бойынша ұзақ мерзімді бағалау міндеттемелері бойынша резерв құрумен және қозғалысымен байланысты операциялар көрсетіледі;

4230 – "Қызметкерлерге сыйақылар бойынша ұзақ мерзімді бағалау міндеттемелері", мұнда қызметкерлер тиісті қызметтер ұсынған кезең аяқталғаннан кейін он екі ай немесе одан көп уақыттан кейін төлеуге жататын ақы төленетін жұмыста болмауы нысанында қызметкерлерге сыйақы төлеуге және пайдаға қатысуға және сыйлықақы төлеуге күтілетін шығындар және қызметкерлерге сыйақылар бойынша өзге қысқа мерзімді бағалау міндеттемелері көрсетіледі;

4240 – "Өзге де ұзақ мерзімді бағалау міндеттемелері", мұнда алдыңғы шоттар топтарында көрсетілмеген өзге де ұзақ мерзімді бағалау міндеттемелері есепке алынады.

38. 4300 – "Кейінге қалдырылған салықтық міндеттемелер" кіші бөлімі кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығын есепке алуға арналған және мынадай шотты қамтиды:

4310 – "Корпоративтік табыс салығы бойынша кейінге қалдырылған салықтық міндеттемелер", мұнда салық салынатын уақыт айырмасына байланысты алдағы кезеңдерде төленуі тиіс пайдаға салынатын салық сомасы есепке алынады.

39. 4400 – "Өзге де ұзақ мерзімді міндеттемелер" кіші бөлімі алдыңғы кіші бөлімдерде көрсетілмеген өзге де ұзақ мерзімді міндеттемелерді есепке алуға арналған.

Осы кіші бөлім мынадай шоттардың топтарын қамтиды:

4410 – "Алынған ұзақ мерзімді аванстар", мұнда тауарларды, шикізатты, материалдарды жеткізу, қызметтер көрсету үшін, сондай-ақ тапсырыс берушілерге ішінара дайындық бойынша өндірілген өнімге ақы төлеу бойынша алынған аванстар және өзге де алынған ұзақ мерзімді аванстар есепке алынады;

4420 – "Алдағы кезеңдердің кірістері", мұнда ағымдағы есепті кезеңде алынған, бірақ болашақ есепті кезеңге жатқызылатын кірістер көрсетіледі;

4430 – "Шарттар бойынша ұзақ мерзімді міндеттемелер", мұнда сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша міндеттемелер есепке алынады;

4440 – "Аралас ұзақ мерзімді қаржы құралының борыштық құрауышы", мұнда біріктірілген ұзақ мерзімді қаржы құралының борыштық құрауышы есепке алынады;

4450 – "Өзге де ұзақ мерзімді міндеттемелер", мұнда алдыңғы топтарда көрсетілмеген өзге де ұзақ мерзімді міндеттемелер есепке алынады.

8-тарау. 5 "Капитал мен резервтер" бөлімінің шоттары

40. 5 "Капитал мен резервтер" бөлімінің шоттары капитал мен резервтерді есепке алуға арналған.

5 "Капитал мен резервтер" бөлімі мынадай кіші бөлімдерді қамтиды:

5000 – "Жарғылық капитал";

5100 – "Төленбеген капитал";

5200 – "Сатып алынған меншікті үлестік құралдар";

5300 – "Эмиссиялық кіріс";

5400 – "Қосымша төленген капитал";

5500 – "Резервтер";

5600 – "Бөлінбеген пайда (жабылмаған залал)";

5700 – "Қорытынды пайда (қорытынды залал)".

41. 5000 – "Жарғылық капитал" кіші бөлімі ұйымдардың шығарылған капиталын, жарғылық капиталын немесе мүліктік (пай) қорын есепке алуға арналған.

Осы кіші бөлім мынадай шоттардың топтарын қамтиды:

5010 – "Артықшылықты акциялар", мұнда акционерлік қоғамның төленген эмиссияланған артықшылықты акцияларының жиынтықты номиналды құны есепке алынады;

5020 – "Қарапайым акциялар", мұнда акционерлік қоғамның төленген эмиссияланған қарапайым акцияларының жиынтық номиналды құны есепке алынады;

5030 – "Салымдар мен пай", мұнда серіктестіктің жарғылық капиталына салымдардың құны есепке алынады.

42. 5100 – "Төленбеген капитал" кіші бөлімі ұйымдардың төленбеген капиталын есепке алуға арналған және мынадай шотты қамтиды:

5110 – "Төленбеген капитал", мұнда эмиссияланған акцияларды төлеу, ұйымдардың жарғылық капиталына салымдар (мүліктік жарналар) енгізу жөніндегі операциялар, сондай-ақ жеке тұлғалардың және ұйымдардың эмиссияланған акцияларын төлеу бойынша берешегі және ұйымдардың жарғылық капиталына салымдарды (мүліктік жарналарды) енгізу бойынша құрылтайшылардың берешегі көрсетіледі.

43. 5200 – "Сатып алынған меншікті үлестік құралдар" кіші бөлімі сатып алынған меншікті үлестік құралдарды есепке алуға арналған және мынадай шотты қамтиды:

5210 – "Сатып алынған меншікті үлестік құралдар", мұнда меншікті үлестік құралдарды сатып алу нәтижесіндегі өз капиталындағы өзгерістер көрсетіледі.

44. 5300 – "Эмиссиялық кіріс" кіші бөлімі эмиссиялық кірісті есепке алуға арналған және мынадай шотты қамтиды:

5310 – "Эмиссиялық кіріс", мұнда шығарылған меншікті үлестік құралдар бойынша эмиссиялық кіріс есепке алынады.

45. 5400 – "Қосымша төленген капитал" кіші бөлімі қосымша төленген капиталды есепке алуға арналған және мынадай шоттардың топтарын қамтиды:

5410 – "Негізгі ұйыммен өтеусіз операциялар бойынша қосымша төленген капитал", мұнда негізгі ұйыммен өтеусіз операциялар бойынша қосымша төленген капитал есепке алынады;

5420 – "Өзге операциялар бойынша қосымша төленген капитал", мұнда өзге операциялар бойынша қосымша төленген капитал есепке алынады.

46. 5500 – "Резервтер" кіші бөлімі қаржылық есептілік стандарттарының талаптарына сәйкес, сондай-ақ құрылтай құжаттарына және ұйымның есептік саясатына сәйкес капитал шоттарында көрсетілетін резервтерді есепке алуға арналған.

Осы кіші бөлім мынадай шоттардың топтарын қамтиды:

5510 – "Құрылтай құжаттарында белгіленген резервтік капитал", мұнда Қазақстан Республикасының заңнамасына және құрылтай құжаттарына сәйкес белгіленген резервтік капитал көрсетіледі;

5520 – "Негізгі құралдарды қайта бағалауға арналған резерв", мұнда негізгі құралдарды қайта бағалау жөніндегі операциялар көрсетіледі;

5530 – "Материалдық емес активтерді қайта бағалауға арналған резерв", мұнда материалдық емес активтерді қайта бағалау жөніндегі операциялар көрсетіледі;

5540 – "Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша есепке алынатын қаржылық активтерді қайта бағалауға арналған резерв", мұнда өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша есепке алынатын қаржылық активтер бойынша қайта бағалау есепке алынады;

5550 – "Қаржылық активтер бойынша залалға арналған резерв", мұнда қаржылық активтер бойынша күтілетін кредиттік залалдарға арналған бағалау резервтері есепке алынады;

5560 – "Шетелдік қызмет бойынша шетел валютасын қайта есептеуге арналған резерв", мұнда мәні бойынша ұйымның шетелдік ұйымға таза инвестицияларының бір бөлігін құрайтын және ұйымның қаржылық есептілігінде таза инвестиция шығарылғанға дейін жеке капитал ретінде жіктелетін, одан кейін кіріс немесе шығыс ретінде танылатын монетарлық бап бойынша туындаған бағамдық айырмалар көрсетіледі;

5570 – "Өзге резервтер", мұнда алдыңғы топтарда көрсетілмеген өзге резервтер көрсетіледі.

47. 5600 – "Бөлінбеген пайда (жабылмаған залал)" кіші бөлімі бөлінбеген пайданы немесе жабылмаған залалды есепке алуға арналған.

Осы кіші бөлім мынадай шоттардың топтарын қамтиды:

5610 – "Есепті жылдың бөлінбеген пайдасы (жабылмаған залалы)", мұнда есепті жылдың бөлінбеген пайдасы немесе залалы көрсетіледі;

5620 – "Алдыңғы жылдардың бөлінбеген пайдасы (жабылмаған залалы)", мұнда алдыңғы жылдардың бөлінбеген пайдасы немесе залалы көрсетіледі.

48. 5700 – "Қорытынды пайда (қорытынды залал)" кіші бөлімі есепті кезең үшін ұйымның қорытынды пайдасын (қорытынды залалын) есепке алуға арналған және мынадай шотты қамтиды.

5710 – "Қорытынды пайда (қорытынды залал)", мұнда есепті кезең ішіндегі ұйымның қорытынды пайдасы (қорытынды залалы) көрсетіледі, сондай-ақ есепті кезеңдегі түпкілікті қаржы нәтижесін қалыптастыру жөніндегі ақпарат қорытылады.

9-тарау. 6 "Кірістер" бөлімінің шоттары

49. 6 "Кірістер" бөлімінің шоттары кірістерді есепке алуға арналған.

6 "Кірістер" бөлімі мынадай кіші бөлімдерді қамтиды:

6000 – "Операциялық кірістер";

6100 – "Өзге де операциялық кірістер";

6200 – "Инвестициялық қызметтен түсетін кірістер";

6300 – "Қаржылық қызметтен түсетін кірістер";

6400 – "Тоқтатылатын қызметке байланысты кірістер".

Есепті кезеңнің соңында осы бөлімнің шоттары 5610 – "Қорытынды пайда (қорытынды залал)" шотына жабылады.

50. 6000 "Операциялық кірістер" кіші бөлімі операциялық кірістерді есепке алуға арналған.

Осы кіші бөлім мынадай шоттардың топтарын қамтиды:

6010 – "Өнімді өткізуден және қызметтер көрсетуден түсетін кіріс", мұнда өнімдерді өткізуден және қызметтер көрсетуден түсетін кірістерді алумен байланысты операциялар көрсетіледі;

6020 – "Сатылған өнімді қайтару", онда сатылған өнімді қайтарумен байланысты операциялар көрсетіледі;

6030 – "Бағадан және сатудан жеңілдіктер", мұнда бағадан немесе сатудан жеңілдік ұсынумен байланысты операциялар көрсетіледі.

51. 6100 – "Өзге де операциялық кірістер" кіші бөлімі.

Осы кіші бөлім мынадай шоттардың топтарын қамтиды:

6110 – "Активтердің шығуынан түсетін кірістер", мұнда инвестициялық және қаржылық қызметпен байланысты емес активтердің шығуынан кірістер алумен операциялар көрсетіледі;

6120 – "Өтеусіз алынған активтерден түсетін кірістер", мұнда инвестициялық және қаржылық қызметке байланысты емес активтерді өтеусіз алуға байланысты операциялар көрсетіледі;

6130 – "Операциялық қызметтен бағамдық айырмадан түсетін кірістер", мұнда операциялық қызметтен бағамдық айырмадан түсетін кірістерді алумен байланысты операциялар көрсетіледі;

6140 – "Қаржылық емес активтер бойынша құнсызданудан залалды қалпына келтіруден түсетін кірістер", мұнда қаржылық емес активтердің құнсыздануынан болатын залалды қалпына келтіруден алынатын кірістер көрсетіледі;

6150 – "Мемлекеттік субсидиялардан алынатын кірістер", мұнда мемлекеттік субсидиялардан алынатын кірістер көрсетіледі;

6160 - "Операциялық жалдаудан түсетін кірістер", мұнда операциялық жалдаудан түсетін кірістер көрсетіледі;

6170 – "Биологиялық активтердің әділ құнын өзгертуден түсетін кірістер", мұнда биологиялық активтердің әділ құнын өзгертуден түсетін кірістер көрсетіледі;

6180 – "Дебиторлық берешектің құнсызданудан залалды қалпына келтіруден алынатын кірістер", мұнда дебиторлық берешектің құнсызданудан залалды қалпына келтіруден алынатын кірістер көрсетіледі;

6190 - "Өзге кірістер", өзге кірістерді есепке алуға арналған.

52. 6200 "Инвестициялық қызметтен түсетін кірістер" кіші бөлімі.

Осы кіші бөлім мынадай шоттардың топтарын қамтиды:

6210 – "Сыйақылар бойынша кірістер", мұнда қаржылық активтер, мысалы депозиттер, берілген қарыздар бойынша кірістер алумен байланысты операциялар көрсетіледі;

6220 – "Дивидендтер бойынша кірістер", мұнда бағалы қағаздар бойынша алынған дивидендтер бойынша кірістерді алумен байланысты операциялар көрсетіледі;

6230 – "Инвестициялық қызметтен бағамдық айырмадан түсетін кірістер", мұнда инвестициялық қызметтен бағамдық айырмадан түсетін кірістерді алуға байланысты операциялар көрсетіледі;

6240 – "Инвестициялық жылжымайтын мүлікпен операциялардан түсетін кірістер" мұнда инвестициялық жылжымайтын мүліктен кірістер алуға байланысты операциялар көрсетіледі;

6250 – "Қаржылық активтер бойынша құнсызданудан залалды қалпына келтіруден түсетін кірістер", мұнда операциялық және қаржылық қызметке байланысты емес қаржылық активтер бойынша құнсызданудан залалды қалпына келтіруден түсетін кірістер көрсетіледі;

6260 - "Қаржылық активтердің әділ құнын өзгертуден түсетін кірістер", мұнда операциялық және қаржылық қызметпен байланысты емес қаржылық активтердің әділ құнының өзгеруінен түсетін кірістер көрсетіледі;

6270 - "Қауымдасқан және бірлескен ұйымдардың пайда үлесі", мұнда қауымдасқан және бірлескен ұйымдардың пайда үлесін алуға байланысты операциялар көрсетіледі;

6280 - "Қаржылық жалдаудан түсетін кірістер", мұнда қаржылық жалдаудан түсетін кірістер алуға байланысты операциялар көрсетіледі;

6290 - "Инвестициялармен және қаржы активтерімен жасалатын өзге де операциялардан түсетін кірістер", мұнда операциялық және қаржылық қызметпен байланысты емес инвестициялармен және қаржы активтерімен өзге операциялардан, оның ішінде қаржылық активтерді түрлендіруден түскен кірістер көрсетіледі.

53. 6300 – "Қаржылық қызметтен түсетін кірістер" кіші бөлімі.

Осы кіші бөлім мынадай шоттардың топтарын қамтиды:

6310 - "Қаржылық міндеттемелердің әділ құнын өзгертуден түсетін кірістер", мұнда қаржылық міндеттемелердің діл құнын өзгертуден түсетін кірістер алуға байланысты операциялар көрсетіледі;

6320 – "Қаржылық міндеттемелерді түрлендіруден кірістер", онда қаржылық міндеттемелерді түрлендіруден кірістер алуға байланысты операциялар көрсетіледі;

6330 - "Қаржылық қызметтен бағамдық айырмадан түсетін кірістер", мұнда қаржылық қызметтен бағамдық айырмадан түсетін кірістер алуға байланысты операциялар көрсетіледі;

6340 - "Қаржылық міндеттемелер бойынша қаржыландырудан түсетін өзге де кірістер", қаржылық міндеттемелер бойынша қаржыландырудан түсетін өзге де кірістерді есепке алуға арналған.

54. 6400 "Тоқтатылатын қызметке байланысты кірістер" кіші бөлімі тоқтатылатын қызметке байланысты кірістерді есепке алуға арналған және мынадай шотты қамтиды:

6410 - "Тоқтатылатын қызметке байланысты кірістер", мұнда тоқтатылатын қызметке байланысты міндеттемелер бойынша сатылған активтерден немесе есеп айырысулардан кірістер алуға байланысты операциялар көрсетіледі.

10-тарау. 7 "Шығыстар" бөлімінің шоттары

55. 7 "Шығыстар" бөлімінің шоттары шығыстарды есепке алуға арналған.

7 "Шығыстар" бөлімі мынадай кіші бөлімдерді қамтиды:

7000 – "Операциялық шығыстар";

7100 – "Өзге де операциялық шығыстар";

7200 – "Инвестициялық қызмет бойынша шығыстар";

7300 - "Қаржылық қызмет бойынша шығыстар";

7400 - "Тоқтатылатын қызметке байланысты шығыстар";

7500 - "Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар".

Есепті кезеңнің соңында осы бөлімнің шоттары 5610 – "Қорытынды пайда (қорытынды залал)" шотына жабылады.

56. 7000 - "Операциялық шығыстар" кіші бөлімі операциялық шығыстарды есепке алуға арналған.

Осы кіші бөлім мынадай шоттардың топтарын қамтиды:

7010 – "Өткізілген өнімнің және көрсетілген қызметтердің өзіндік құны", мұнда өткізілген өнімнің, көрсетілген қызметтердің өзіндік құны есепке алынады;

7020 – "Өнімдерді өткізу және қызметтер көрсету бойынша шығыстар", мұнда өнімдерді өткізумен және өнімді өткізу бойынша қызметтер көрсетумен байланысты шығыстар есепке алынады;

7030 – "Әкімшілік шығыстар", мұнда өндірістік үдеріспен байланысты емес басқару және шаруашылық шығыстары есепке алынады.

57. 7100 "Өзге де операциялық шығыстар" кіші бөлімі өзге де операциялық шығыстарды көрсетуге арналған.

Осы кіші бөлім мынадай шоттардың топтарын қамтиды:

7110 – "Активтердің шығуынан шығыстар", мұнда негізгі құралдарды, материалдық емес активтерді, қаржылық активтерді (инвестициялық және қаржылық қызметке байланысты шығыстарды қоспағанда) өткізу, өтеусіз беру немесе есептен шығару бойынша шығыстар, бөлшектеу бойынша шығыстар есепке алынады;

7120 – "Қаржылық емес активтердің құнсыздануынан шығыстар", мұнда қаржылық емес активтердің құнсыздануынан болған шығыстар есепке алынады;

7130 – "Операциялық қызмет бойынша бағамдық айырма бойынша шығыстар" мұнда операциялық қызмет бойынша бағамдық айырма бойынша шығыстар көрсетіледі ;

7140 - "Дебиторлық берешек бойынша күтілетін кредиттік залалдар бойынша шығыстар", мұнда дебиторлық берешек бойынша күтілетін кредиттік залалдар бойынша шығыстар есепке алынады;

7150 - "Операциялық жалдау бойынша шығыстар", мұнда операциялық жалдау бойынша шығыстар есепке алынады;

7160 - "Биологиялық активтердің әділ құнының өзгеруінен болатын шығыстар", мұнда биологиялық активтердің әділ құнының өзгеруінен болатын шығыстар есепке алынады;

7170 - "Өзге де шығыстар", мұнда алдыңғы топтарда көрсетілмеген өзге де шығыстар есепке алынады.

58. 7200 "Инвестициялық қызмет бойынша шығыстар" кіші бөлімі инвестициялық қызмет бойынша шығыстарды есепке алуға арналған.

Осы кіші бөлім мынадай шоттардың топтарын қамтиды:

7210 - "Қаржы құралдарының әділ құнын өзгертуден болатын шығыстар", мұнда қаржы құралдарының әділ құнының өзгеруінен болатын шығыстар (инвестициялық және қаржылық қызметке байланысты шығыстарды қоспағанда) есепке алынады;

7220 - "Қаржылық активтердің құнсыздануынан болатын шығыстар", мұнда қаржылық активтердің құнсыздануынан болатын шығыстар есепке алынады;

7230 - "Инвестициялық жылжымайтын мүлік операцияларынан болатын шығыстар", мұнда инвестициялық жылжымайтын мүлік операцияларынан болатын шығыстар есепке алынады;

7240 - "Инвестициялық қызмет бойынша бағамдық айырма бойынша шығыстар", мұнда инвестициялық қызмет бойынша бағамдық айырма бойынша шығыстар есепке алынады;

7250 - "Бірлескен және қауымдасқан ұйымдардың залалдағы үлесі", мұнда бірлескен және қауымдасқан ұйымдардың залалдағы үлесі есепке алынады;

7260 - "Инвестициялар мен қаржылық активтердің шығуынан болатын шығыстар", мұнда инвестициялар мен қаржылық активтердің шығуынан болатын шығыстар есепке алынады;

7270 - "Өзге де шығыстар", мұнда алдыңғы топтарда көрсетілмеген өзге де шығыстар, оның ішінде қаржылық активтерді түрлендіруден шығыстар есепке алынады.

59. 7300 – "Қаржылық қызмет бойынша шығыстар" кіші бөлімі қаржыландыруға арналған шығыстарды есепке алуға арналған.

Осы кіші бөлім мынадай шоттардың топтарын қамтиды:

7310 – "Сыйақылар бойынша шығыстар", мұнда қаржылық міндеттемелер бойынша шығыстар, мысалы алынған қарыздар бойынша пайыздарды төлеуге арналған шығыстар көрсетіледі;

7320 – "Қаржылық жалдау бойынша шығыстар", мұнда қаржылық жалға алынған активтер, мысалы негізгі құралдар бойынша шығыстар көрсетіледі;

7330 – "Қаржылық міндеттемелердің әділ құнын өзгертуден болатын шығыстар", мұнда қаржылық міндеттемелердің әділ құнын өзгертуден болатын шығыстар көрсетіледі;

7340 - "Қаржылық қызмет бойынша бағамдық айырма бойынша шығыстар", мұнда қаржылық қызмет бойынша бағамдық айырма бойынша шығыстар есепке алынады;

7350 – "Қаржылық міндеттемелерді түрлендіруден шығыстар", мұнда қаржылық міндеттемелерді түрлендіруден шығыстар көрсетіледі;

7360 – "Қаржыландыруға арналған өзге де шығыстар", мұнда қаржыландыруға арналған өзге де шығыстар есепке алынады.

60. 7400 "Тоқтатылатын қызметке байланысты шығыстар" кіші бөлімі тоқтатылатын қызметке байланысты шығыстарды есепке алуға арналған және мынадай шотты қамтиды:

7410 - "Тоқтатылатын қызметке байланысты шығыстар", мұнда тоқтатылатын қызметке байланысты шығыстар есепке алынады.

61. 7500 - "Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар" кіші бөлімі корпоративтік табыс салығымен байланысты шығыстарды көрсетуге арналған және мынадай шотты қамтиды:

7510 - "Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар", мұнда корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар есепке алынады.

11-тарау. 8 "Өндірістік есепке алу шоттары" бөлімінің шоттары

62. 8 "Өндірістік есепке алу шоттары" бөлімінің шоттары ұйымдардың өнімді өндіруге және қызметтер көрсетуге арналған шығындарын есепке алуға арналған. Осы бөлімнің шоттарында олардың пайда болу орындары және басқа да белгілері бойынша шығындарды топтау, сондай-ақ дайын өнімнің өзіндік құнын калькуляциялау жүзеге асырылады.

8 "Өндірістік есепке алу шоттары" бөлімі мынадай кіші бөлімдерді қамтиды:

8100 – "Негізгі өндіріс";

8200 – "Өз өндірісінің жартылай фабрикаттары";

8300 – "Қосалқы өндірістер";

8400 – "Жүккүжат шығыстары".

63. 8100 "Негізгі өндіріс" кіші бөлімі негізгі өндіріс шығындарын есепке алуға арналған және мынадай шотты қамтиды:

8110 – "Негізгі өндіріс", мұнда негізгі өндіріске арналған шығындар, оның ішінде шикізат пен материалдардың шығысы, тікелей негізгі өндірістегі қызметкерлердің еңбекақысы және еңбекақысының сомасынан аударымдар, негізгі өндіріске жатқызылған жүккүжат шығыстар есепке алынады.

64. 8200 "Өз өндірісінің жартылай фабрикаттары" кіші бөлімі өз өндірісінің жартылай фабрикаттарын есепке алуға арналған және мынадай шотты қамтиды:

8210 – "Өз өндірісінің жартылай фабрикаттары", мұнда жартылай фабрикаттарды өндіруге арналған шығындар есепке алынады.

65. 8300 – "Қосалқы өндірістер" қосалқы өндіріс шығындарын есепке алуға арналған және мынадай шотты қамтиды:

8310 – "Қосалқы өндірістер", мұнда ұйымның негізгі өндірісіне қатысты қосалқы болып табылатын өндірістердің шығындары есепке алынады.

66. 8400 – "Жүкқұжат шығыстары" кіші бөлімі жүкқұжат шығыстарын есепке алуға арналған және мынадай шотты қамтиды:

8410 – "Жүкқұжат шығыстары", мұнда негізгі және қосалқы өндірістер, сондай-ақ өз өндірісінің жартылай фабрикаттары бойынша жүкқұжаттар шығыстары көрсетіледі.

Бухгалтерлік есеп шоттарының
үлгілік жоспарына
қосымша

1-бөлім. "Қысқа мерзімді активтер"	
1000	Ақша қаражаты
1010	Кассадағы ақша қаражаты
1020	Жолдағы ақша қаражаты
1030	Ағымдағы банктік шоттардағы ақша қаражаты
1040	Корреспонденттік шоттардағы ақша қаражаты
1050	Жинақ шоттарындағы ақша қаражаты
1060	Пайдаланылуы шектеулі ақша қаражаты
1070	Цифрлық теңге және электрондық ақша қаражаты
1080	Өзге ақша қаражаты
1090	Ақша қаражатының құнсыздануынан болатын залалға арналған бағалау резерві
1100	Қысқа мерзімді қаржылық активтер
1110	Қысқа мерзімді амортизациялық құн бойынша бағаланатын қысқа мерзімді қаржылық активтер
1120	Қысқа мерзімді басқа жиынтық табыс арқылы әділ құнмен бағаланған қаржылық активтер
1130	Қысқа мерзімді пайда немесе залал арқылы әділ құнмен бағаланған қысқа мерзімді қаржылық активтер
1140	Туынды қаржы құралдар
1150	Алуға арналған қысқа мерзімді сыйақылар
1160	Өзге қысқа мерзімді қаржылық активтер
1170	Қысқа мерзімді қаржылық активтердің құнсыздануынан болатын залалға арналған бағалау резервтері
1200	Қысқа мерзімді дебиторлық берешек
1210	Сатып алушылар мен тапсырысшылардың қысқа мерзімді дебиторлық берешегі
1220	Еншілес ұйымдардың қысқа мерзімді дебиторлық берешегі
1230	Қауымдастырылған және бірлескен ұйымдардың қысқа мерзімді дебиторлық берешегі
1240	Филиалдар мен құрылымдық бөлімшелердің қысқа мерзімді дебиторлық берешегі
1250	Қызметкерлердің қысқа мерзімді дебиторлық берешегі

1260	Жалдау бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек
1270	Өзге қысқа мерзімді дебиторлық берешек
1280	Қысқа мерзімді дебиторлық берешектің құнсыздануынан болатын залалға арналған бағалау резервтері
1300	Қорлар
1310	Шикізат және материалдар
1320	Дайын өнім
1330	Тауарлар
1340	Аяқталмаған өндіріс
1350	Өзге қорлар
1360	Қорлардың құнсыздануынан болатын залалға арналған бағалау резерві
1370	Қорларды қайтару құқығы бар актив
1400	Ағымдағы салықтық активтер
1410	Корпоративтік табыс салығы
1420	Қосылған құн салығы
1430	Өзге салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер
1500	Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер
1510	Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер
1520	Сатуға арналған істен шығатын топтар
1530	Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтердің (немесе істен шығатын топтардың) құнсыздануынан болатын залалға арналған бағалау резервтері
1600	Биологиялық активтер
1610	Өсімдіктер
1620	Жануарлар
1630	Биологиялық активтердің құнсыздануынан болатын залалға арналған бағалау резерві
1700	Өзге қысқа мерзімді активтер
1710	Берілген қысқа мерзімді аванстар
1720	Алдағы кезеңдердің шығыстары
1730	Шарттар бойынша қысқа мерзімді активтер
1740	Шарттар бойынша қысқа мерзімді активтердің құнсыздануынан болатын залалдарға арналған бағалау резервтері
1750	Өзге қысқа мерзімді активтер
2-бөлім. "Ұзақ мерзімді активтер"	
2000	Ұзақ мерзімді қаржылық активтер
2010	Ұзақ мерзімді амортизациялық құнмен бағаланған қаржылық активтер

2020	Ұзақ мерзімді басқа жиынтық табыс арқылы әділ күнмен бағаланған қаржылық активтер
2030	Ұзақ мерзімді пайда немесе залал арқылы әділ күнмен бағаланған қаржылық активтер
2040	Туынды қаржы құралдар
2050	Алуға арналған ұзақ мерзімді сыйақылар
2060	Үлескерлік құралдар
2070	Өзге ұзақ мерзімді қаржылық активтер
2080	Ұзақ мерзімді қаржылық активтердің құнсыздануынан болатын залалдарға арналған бағалау резервтері
2100	Ұзақ мерзімді дебиторлық берешек
2110	Сатып алушылар мен тапсырысшылардың ұзақ мерзімді берешегі
2120	Еншілес ұйымдардың ұзақ мерзімді дебиторлық берешегі
2130	Қауымдастырылған және бірлескен ұйымдардың ұзақ мерзімді дебиторлық берешегі
2140	Филиалдар мен құрылымдық бөлімшелердің ұзақ мерзімді дебиторлық берешегі
2150	Қызметкерлердің ұзақ мерзімді дебиторлық берешегі
2160	Жалдау бойынша ұзақ мерзімді дебиторлық берешек
2170	Өзге ұзақ мерзімді дебиторлық берешек
2180	Ұзақ мерзімді дебиторлық берешектің құнсыздануынан болған залалға арналған бағалау резервтері
2200	Инвестициялар
2210	Үлестік қатысу әдісімен есепке алынатын инвестициялар
2220	Бастапқы құны бойынша есепке алынатын инвестициялар
2230	Инвестициялардың құнсыздануынан болатын залалға арналған бағалау резервтері
2300	Инвестициялық мүлік
2310	Инвестициялық мүлік
2320	Инвестициялық жылжымайтын мүліктің амортизациясы
2330	Инвестициялық жылжымайтын мүліктің құнсыздануынан болатын залалға арналған бағалау резерві
2400	Негізгі құралдар
2410	Негізгі құралдар
2420	Негізгі құралдардың амортизациясы

2430	Негізгі құралдардың құнсыздануынан болатын залалға арналған бағалау резервтері
2440	Активтерді пайдалану құқығы
2450	Активтерді пайдалану құқығының амортизациясы
2460	Активтерді пайдалану құқығының құнсыздануынан болатын залалға арналған бағалау резервтері
2500	Биологиялық активтер
2510	Өсімдіктер
2520	Жануарлар
2530	Биологиялық активтердің амортизациясы
2540	Биологиялық активтердің құнсыздануынан болатын залалға арналған бағалау резерві
2600	Барлау және бағалау активтері
2610	Барлау және бағалау активтері
2620	Барлау және бағалау активтерінің амортизациясы
2630	Барлау және бағалау активтерінің құнсыздануынан болатын шығындарға арналған бағалау резерві
2700	Материалдық емес активтер
2710	Гудвилл
2720	Гудвиллдің құнсыздануы
2730	Өзге материалдық емес активтер
2740	Өзге материалдық емес активтердің амортизациясы
2750	Өзге материалдық емес активтердің құнсыздануынан болатын залалға арналған бағалау резерві
2760	Активті пайдалану құқығы
2770	Активті пайдалану құқығының амортизациясы
2780	Активті пайдалану құқығының құнсыздануынан болатын залалға арналған бағалау резерві
2800	Кейінге қалдырылған салықтық активтер
2810	Корпоративтік табыс салығы бойынша кейінге қалдырылған салықтық активтер
2900	Өзге ұзақ мерзімді активтер
2910	Берілген ұзақ мерзімді аванстар
2920	Алдағы кезеңдердің шығыстары
2930	Аяқталмаған құрылыс
2940	Шарттар бойынша ұзақ мерзімді активтер
2950	Шарттар бойынша ұзақ мерзімді активтердің құнсыздануынан болатын шығындарға арналған бағалау резерві
2960	Шарттар бойынша шығындар
2970	Шарттар бойынша шығындар амортизациясы
2980	Шарттар бойынша шығындардың құнсыздануынан болатын шығындарға арналған бағалау резерві

2990	Өзге ұзақ мерзімді активтер
3-бөлім. "Қысқа мерзімді міндеттемелер"	
3000	Қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер
3010	Амортизациялық құнмен бағаланатын қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер
3020	Пайда немесе залал арқылы әділ құнмен бағаланатын қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер
3030	Туынды қаржы құралдары
3040	Қатысушылардың дивидендтері және кірістері бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек
3050	Төлемге қысқа мерзімді сыйақылар
3060	Амортизациялық құнмен бағаланатын ұзақ мерзімді қаржы міндеттемелерінің ағымдағы бөлігі
3070	Пайда немесе залал арқылы әділ құнмен бағаланатын ұзақ мерзімді қаржы міндеттемелерінің ағымдағы бөлігі
3080	Өзге қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер
3100	Салық бойынша міндеттемелер
3110	Төленуі тиіс корпоративтік табыс салығы
3120	Жеке табыс салығы
3130	Қосылған құн салығы
3140	Акциздер
3150	Әлеуметтік салық
3160	Жер салығы
3170	Көлік құралдары салығы
3180	Мүлік салығы
3190	Өзге салықтар
3200	Басқа міндетті және ерікті төлемдер бойынша міндеттемелер
3210	Әлеуметтік сақтандыру бойынша міндеттемелер
3220	Зейнетақы аударымдары бойынша міндеттемелер
3230	Басқа міндетті төлемдер бойынша өзге міндеттемелер
3240	Басқа ерікті төлемдер бойынша өзге міндеттемелер
3300	Қысқа мерзімді кредиторлық берешек
3310	Өнім берушілер мен мердігерлерге қысқа мерзімді кредиторлық берешек
3320	Еншілес ұйымдарға қысқа мерзімді кредиторлық берешек
3330	Қауымдастырылған және бірлескен ұйымдарға қысқа мерзімді кредиторлық берешек
3340	Филиалдарға және құрылымдық бөлімшелерге қысқа мерзімді кредиторлық берешек
3350	Еңбекақы төлеу бойынша қысқа мерзімді берешек

3360	Жалдау бойынша қысқа мерзімді берешек
3370	Ұзақ мерзімді кредиторлық берешектің ағымдағы бөлігі
3380	Өзге қысқа мерзімді кредиторлық берешек
3400	Қысқа мерзімді бағалау міндеттемелері
3410	Қысқа мерзімді кепілдік міндеттемелер
3420	Заңды наразылықтар бойынша қысқа мерзімді міндеттемелер
3430	Қызметкерлерге сыйақылар бойынша қысқа мерзімді бағалау міндеттемелері
3440	Өзге қысқа мерзімді бағалау міндеттемелері
3500	Өзге қысқа мерзімді міндеттемелер
3510	Алынған қысқа мерзімді аванстар
3520	Алдағы кезеңдердің кірістері
3530	Сатуға арналған шығаруға топ міндеттемелері
3540	Шарттар бойынша қысқа мерзімді міндеттемелер
3550	Аралас қысқа мерзімді қаржы құралының борыштық құрауышы
3560	Өзге қысқа мерзімді міндеттемелер.
4-бөлім. "Ұзақ мерзімді міндеттемелер"	
4000	Ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелер
4010	Амортизациялық құнмен бағаланатын ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелер
4020	Пайда немесе залал арқылы әділ құнмен бағаланатын ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелер
4030	Туынды қаржы құралдары
4040	Қатысушылардың дивидендтері және кірістері бойынша ұзақ мерзімді берешек
4050	Төлемге ұзақ мерзімді сыйақылар
4060	Өзге ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелер
4100	Ұзақ мерзімді кредиторлық берешек
4110	Өнім берушілер мен мердігерлерге ұзақ мерзімді кредиторлық берешек
4120	Еншілес ұйымдарға ұзақ мерзімді кредиторлық берешек
4130	Қауымдастырылған және бірлескен ұйымдарға ұзақ мерзімді кредиторлық берешек
4140	Филиалдар мен құрылымдық бөлімшелерге ұзақ мерзімді кредиторлық берешек
4150	Жалға алу бойынша ұзақ мерзімді берешек
4160	Өзге де ұзақ мерзімді кредиторлық берешек
4200	Ұзақ мерзімді бағалау міндеттемелері
4210	Ұзақ мерзімді кепілдік міндеттемелері

4220	Занды наразылықтар бойынша ұзақ мерзімді бағалау міндеттемелері
4230	Қызметкерлерге сыйақылар бойынша ұзақ мерзімді бағалау міндеттемелері
4240	Өзге де ұзақ мерзімді бағалау міндеттемелері
4300	Кейінге қалдырылған салықтық міндеттемелер
4310	Корпоративтік табыс салығы бойынша кейінге қалдырылған салықтық міндеттемелер
4400	Өзге де ұзақ мерзімді міндеттемелер
4410	Алынған ұзақ мерзімді аванстар
4420	Алдағы кезеңдердің кірістері
4430	Шарттар бойынша ұзақ мерзімді міндеттемелер
4440	Аралас ұзақ мерзімді қаржы құралының борыштық құрауышы
4450	Өзге де ұзақ мерзімді міндеттемелер.
5-бөлім. "Капитал мен резервтер"	
5000	Жарғылық капитал
5010	Артықшылықты акциялар
5020	Қарапайым акциялар
5030	Салымдар мен пай
5100	Төленбеген капитал
5110	Төленбеген капитал
5200	Сатып алынған меншікті үлестік құралдар
5210	Сатып алынған меншікті үлестік құралдар
5300	Эмиссиялық кіріс
5310	Эмиссиялық кіріс
5400	Қосымша төленген капитал
5410	Негізгі ұйыммен өтеусіз операциялар бойынша қосымша төленген капитал
5420	Өзге операциялар бойынша қосымша төленген капитал
5500	Резервтер
5510	Құрылтай құжаттарында белгіленген резервтік капитал
5520	Негізгі құралдарды қайта бағалауға арналған резерв
5530	Материалдық емес активтерді қайта бағалауға арналған резерв
5540	Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша есепке алынатын қаржылық активтерді қайта бағалауға арналған резерв
5550	Қаржылық активтер бойынша залалға арналған резерв
5560	Шетелдік қызмет бойынша шетел валютасын қайта есептеуге арналған резерв

5570	Өзге резервтер
5600	Бөлінбеген пайда (жабылмаған залал)
5610	Есепті жылдың бөлінбеген пайдасы (жабылмаған залалы)
5620	Алдыңғы жылдардың бөлінбеген пайдасы (жабылмаған залалы)
5700	Қорытынды пайда (қорытынды залал)
5710	Қорытынды пайда (қорытынды залал).
6-бөлім. "Кірістер"	
6000	Операциялық кірістер
6010	Өнімді өткізуден және қызметтер көрсетуден түсетін кіріс
6020	Сатылған өнімді қайтару
6030	Бағадан және сатудан жеңілдіктер
6100	Өзге де операциялық кірістер
6110	Активтің шығуынан түсетін кірістер
6120	Өтеусіз алынған активтерден түсетін кірістер
6130	Операциялық қызметтен бағамдық айырмадан түсетін кірістер
6140	Қаржылық емес активтер бойынша құнсызданудан залалды қалпына келтіруден түсетін кірістер
6150	Мемлекеттік субсидиялардан алынатын кірістер
6160	Операциялық жалдаудан түсетін кірістер
6170	Биологиялық активтердің әділ құнын өзгертуден түсетін кірістер
6180	Дебиторлық берешектің құнсызданудан залалды қалпына келтіруден алынатын кірістер
6190	Өзге кірістер
6200	Инвестициялық қызметтен түсетін кірістер
6210	Сыйақылар бойынша кірістер
6220	Дивидендтер бойынша кірістер
6230	Инвестициялық қызметтен бағамдық айырмадан түсетін кірістер
6240	Инвестициялық жылжымайтын мүлікпен операциялардан түсетін кірістер
6250	Қаржылық активтер бойынша құнсызданудан залалды қалпына келтіруден түсетін кірістер
6260	Қаржылық активтердің әділ құнын өзгертуден түсетін кірістер
6270	Қауымдасқан және бірлескен ұйымдардың пайда үлесі
6280	Қаржылық жалдаудан түсетін кірістер
6290	Инвестициялармен және қаржылық активтермен жасалатын өзге де операциялардан түсетін кірістер
6300	Қаржылық қызметтен түсетін кірістер

6310	Қаржылық міндеттемелердің әділ құнын өзгертуден түсетін кірістер
6320	Қаржылық міндеттемелерді түрлендіруден кірістер
6330	Қаржылық қызметтен бағамдық айырмадан түсетін кірістер
6340	Қаржылық міндеттемелер бойынша қаржыландырудан түсетін өзге де кірістер
6400	Тоқтатылатын қызметке байланысты кірістер
6410	Тоқтатылатын қызметке байланысты кірістер
7-бөлім. "Шығыстар"	
7000	Операциялық шығыстар
7010	Өткізілген өнімнің және көрсетілген қызметтердің өзіндік құны
7020	Өнімдерді өткізу және қызметтер көрсету бойынша шығыстар
7030	Әкімшілік шығыстар
7100	Өзге де операциялық шығыстар
7110	"Активтердің шығуынан шығыстар
7120	Қаржылық емес активтердің құнсыздануынан шығыстар
7140	Дебиторлық берешек бойынша күтілетін кредиттік залалдар бойынша шығыстар
7150	Операциялық жалдау бойынша шығыстар
7160	Биологиялық активтердің әділ құнының өзгеруінен болатын шығыстар
7170	Өзге де шығыстар
7200	Инвестициялық қызмет бойынша шығыстар
7210	Қаржы құралдарының әділ құнын өзгертуден болатын шығыстар
7220	Қаржылық активтердің құнсыздануынан болатын шығыстар
7230	Инвестициялық жылжымайтын мүлік операцияларынан болатын шығыстар
7240	Инвестициялық қызмет бойынша бағамдық айырма бойынша шығыстар
7250	Бірлескен және қауымдасқан ұйымдардың залалдағы үлесі
7260	Инвестициялар мен қаржылық активтердің шығуынан болатын шығыстар
7270	Өзге де шығыстар
7300	Қаржылық қызмет бойынша шығыстар
7310	Сыйақылар бойынша шығыстар
7320	Қаржылық жалдау бойынша шығыстар
7330	Қаржылық міндеттемелердің әділ құнын өзгертуден болатын шығыстар

7340	Қаржылық қызмет бойынша бағамдық айырма бойынша шығыстар
7350	Қаржылық міндеттемелерді түрлендіруден шығыстар
7360	Қаржыландыруға арналған өзге де шығыстар
7400	Тоқтатылатын қызметке байланысты шығыстар
7410	Тоқтатылатын қызметке байланысты шығыстар
7500	Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар
7510	Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар
8-бөлім. "Өндірістік есепке алу шоттары"	
8100	Негізгі өндіріс
8110	Негізгі өндіріс
8200	Өз өндірісінің жартылай фабрикаттары
8210	Өз өндірісінің жартылай фабрикаттары
8300	Қосалқы өндірістер
8310	Қосалқы өндірістер
8400	Жүккүжат шығыстары
8410	Жүккүжат шығыстары

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК